

Бұрынғы замандағы сөйлем мүшелерінің байланысы соңғы амал ғана, яғни сөздердің ілгерінді, кейінді келу тәртібіне ғана негізделген; жалғау, жалғауыштар кейін пайда болған. Сөздерді қосымшалар арқылы ұстастыру – синтаксистік байланыстың жаңа амалы. Біздің қазіргі сөйлеу тілімізде осы екі амалдың екеуі де бар. Сөйлем мүшелері бұрынғы кезде белгілі бір орынға ие болып, тұрақтасып қалғандықтан тіпті жалғаулы мүшелер де сөйлемнен белгілі бір орын алып жүр. (Оқыдым мен бұл кітапты десек, кітаптан кейін «жаздым» болып, жазған мен оқығанның шатасып кетуі мүмкін) [1, 114].

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен қалай болса солай қатарласа бермейді. Олардың бір-бірімен мағыналық және синтаксистік байланысы болуы қажет.

М.Балақаев: «Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін оның мынадай белгілеріне қарау керек, – дейді:

1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады;

2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.

3) Тіркескен сөздер анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Осындай синтаксистік қатынас тек толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысу нәтижесінде пайда болады» [2, 34]. Сөз тіркесіне қатысты пікірлерді ғалымдардың пікірлерінен көптеп кездестіруге болады. «Сөз тіркесі – кемінде екі дербес сөздердің бағыныңқы-басыңқы грамматикалық байланыстың негізінде тіркесуінен жасалған синтаксистік единица. Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі. Сөз тіркесі де не затты, не іс-әрекетті атап, номинативті қызмет атқара алады. Бірақ сөз тіркесі затты немесе іс-әрекетті атағанда, оларды жеке-дара күйінде емес, өзара байланысында, қарым-қатынасында атайды. Сөз тіркесінің сыңарларының бірі сапа-белгіні немесе іс-әрекетті білдіру қасиетінен айрылса, ондай тіркес сөз тіркесі болудан қалып, күрделі сөзге айналады. Сөз тіркесі сөздердің салалас қатарынан құрылымдық ерекшелігі жағынан ажыратылады. Сөз тіркесінің сыңарлары басыңқы, бағыныңқы сыңарлар болып, бірі екіншісіне бағына байланысады» [6, 387].

«Жорға немесе желден жүйрік тұлпарды алғашқы аяқ алысынан-ақ тануға болса, сол секілді Құдайберген Жұбановтың да бірінші қадамдары оның кім екенін, қоғам үшін маңызын білдіретін еді» деген Мұхтар Әуезовтің пікірінен ғалымның тіл білімі саласындағы еңбегінің ұшан-теңіз екендігін көруге болады. Қ.Жұбановтың фонетика, морфология, синтаксис, тарихи грамматика салаларындағы зерттеулерінің күні бүгінге дейін маңызы өте зор. Әсіресе, синтаксис саласына қатысты еңбектерін ерекше атауға болады. Оның сөйлемге, сөйлем мүшелеріне, сөз тіркесіне байланысты айтылған ойлары қазір жалғасын тауып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –237 б.
3. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. -192 б.
4. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. -174 б.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. -494 б.

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН АЛҒАШ ЗЕРТТЕУШІ

*Жұмағұлов А.Б., ф.ғ.к, доцент,  
Мырзахмет Г., студент,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың отанды сүю, жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Жаудың шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. Сондай-ақ, халық

адал еңбекті, еңбек адамдарының көпшілік үшін жасаған істерін де жырлаған, оған да ерлік сипат берген. Еңбек адамдарының ерлік ісін ел қорғаған батырлықтың ісінен кем санамаған. Сондықтан бұл екеуі халықтың ерлік істі суреттейтін батырлар жырының негізгі әңгімесіне айналған.

Ертедегі ескі мәдени мұрамыздың ескерткіші есебінде ел арасында сақталып, біздің заманымызға жеткен көне жырдың бірі – «Қара қыпшақ Қобыланды батыр».

«Қобыланды батыр» басқа жырларға қарағанда, кеңестік дәуірде біраз зерттелді. «Қобыланды батыр» жыры жөнінде бірсыпыра еңбектер жазған Мұхтар Әуезов болды. Сәкен Сейфуллин де елеулі құнды пікірлер айтты. Одан кейін бұл жырмен Сәбит Мұқанов, академик А. С. Орлов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайловтар айналысты.

«Қобыланды батыр» жыры туралы пікір айтушылар Қобыландыны тарихта болған адам деседі. Оған дәлел етіп «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген аңыз-әңгімені келтіреді және Електен 40 шықырым жерде Қобыландының моласы, Орынбордан Маңғыстауға қарай баратын жолда Қобыланды деп аталатын бекеттің барлығын айтады. Осының бәріне сүйене отырып, олар Қобыланды батырды тарихта өмір сүрген адам етіп шығарады [1,193].

Бұл жыр қазақ арасында көп тараған. Жырдың қазақта 29 түрлі нұсқасы бар. Басында жыр қыпшақ тайпасы ортасында туып, кейін жалпыхалықтық эпосқа айналған.

«Қобыланды батыр» жырының сюжетінің туған заманын әркім әртүрлі толғап келді. Октябрьден бұрынғы фольклористика бұл жырды 1552 жылғы Қазан хандығының жаулану оқиғасымен байланыстыру сарындары болды. Осыған қарсы Мәлік Ғабдуллин өзінің осы эпосқа арналған докторлық диссертациясында «Қобыланды батыр» жыры XIII ғасырда Иран жерін билеген Шыңғыс ұрпағы Ғазин ханға қарсы күресте туған, Иран жұртын қазақтар ертеде «қызыл бас» деп атаған дейтін жүйе ұсынды [2,140].

«Қобыланды батыр» жырының 29 түрлі нұсқасы бар десек, соның көрнекті айтушылары Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Н.Байғанин, Айсә Байтабыров, Мұрын Сеңгірбаев, Көшелек Еламанов, Шапай Қалмағамбетов, Күлзак Амангелдіұлы, Сыр бойының ақындары Тұяқбай, Р. Мәзқожаев сияқты толып жатқан жыраулар болған. Жырдың айтушылары мен нұсқаларының көп болуы оның елге өте әйгілі, халықтық эпопея болғанын көрсетеді. Бүкіл қазақ эпосына қарап отырсақ, елдің бірлігін, қонысын қорғап, халықты отаншылдыққа тәрбиелеуде, ерлікті үрдіс етуде жыраулардың аталы өнегесі елеулі болған.

Әдебиетші Ә.Бөкейханның пайымдауынша, халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес. Ә.Бөкейханның Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әбубәкір Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсынұлымен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға кірісуінің де себебі сондықтан. Ә.Бөкейхан жинаған нұсқаларын өңдеп, ғылыми түсініктерін жазып, бірнеше кітап шығарды.

Әдебиетші Ә.Бөкейхан – халық мұрасын жинаған әрі оны зерттеген ғалым. Осы жұмыстары туралы Сорбонна университетінің ғалымдары былай деген: «Оның «Қыр баласы» деген лақап есіммен жарияланған қазақ эпосы туралы тамаша зерттеулері отандастарының сана-сезімін оятуда зор маңызы болды».

Ә.Бөкейханның ең тұңғыш әдеби зерттеуі – «Женщина по киргизской былине «Қобыланды» «Түркістан уәлаятында» шыққан (9-10 мамыр, 1889). Зерттеуші «Қобыландының» қазақ тілінде басылған тұңғыш жыр екенін ескертеді [3,56].

Әлихан Бөкейханның қаламынан шыққан ең көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек – «Қара қыпшақ Қобыланды» деп аталады («Қазақ» газеті, 1915, №126-129). Бұл – шағын 8 бап, бөлімшеден тұратын бас-аяғы дөп-дөңгелек, ықшам ғана монографиялық очерк, әйгілі халық жыры туралы жұп-жұмыр зерттеу, бірінші бөлімшеде «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының мазмұны қысқаша ғана баяндалады.

Шәкәрімнің жазуынша: «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген қазақ мақалы Ақ-жол атасы Құдан жылауынан қалған. Бұл екі ханның заманы 1450-інші жылдар. Бұған қарағанда Қобыланды XV ғасыр ортасында жігіт болады.

Қобыланды батыр Ақ-жолға тұстас болса, оның жорықтары XV ғасырда болған.

Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лайық. Тарихтың сарын жолы екі бөлінген: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы.

Тарихтың екінші түрлісінің пайдаланғаны жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екінші. Бұған жем нәрселер, материалдар жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады.

Дыңғырлап арба кетеді,  
Аттар пыс-пыс етеді,  
Ғаскердің ата-анасы,  
Жана жастау баласы  
Етегіне жабысып,  
Жұбарым-ай деседі.  
Сары бұлт айналған  
Сәнді шәһәр қасында  
Қарға шулап қонады  
Соғысшының қатыны.  
Кимешегі басында.  
Өрмек тоқып болады.  
Қарғаның үнін есітіп.  
Қызарып күн батқанда  
Өрмекті қатын жияды.  
«Байым өлді-ау» деп ойлап,  
Төсекке барып жатқанда  
Жаңбырдай жас құяды.

Міне, міндет тарихи пайдаланатын жер осы, бес ауыз өленде жұрт салты, айнаға түскендей көрініп тұр. Жеккен арба, болдыраған ат, жемтік іздеп ұшқан қарға, өрмек тоқыған қатын, жылаған бала, қайғырған ару – бәрі мұнда бар. Осы жырдан бұл жерде айтылған істің қашан болғаны көрініп тұр: Шыңғыс хан жорығында һәм онан бұрынғы жорықтарға жұрт қатын, баланы алып, малды айдап, ауып жүріп соғысқан («Қазақ» газеті, №126, 1915 жыл Самар қаласы).

«Енді кейінгі жаман айтушылар қосқан қисынсыз қоспаларға келелік. «Құртқаның тойында қырық кез қызыл батыр Қобыландымен теңге алысып ойнайды. Бұған кім нанар. Қобыланды батыр көкпары тартып, аударысып ойнаушы емес пе еді. Теңге алысып ойнау жаңада шыққан жоқ па», - деп, жырды жеткізушілердің өз дәуірінің салттары мен ойындарын еңгізіп, жырдың өзгеруіне алып келгендігін ескертеді. Ғалым Қобыланды жырын айтушылардың орынды-орынсыз жәйттерді кіргізіп, жырдың мазмұнына нұсқан келтіргенін сынға алады.

Арымасын(!) деп тай бурыл ат жеміне қызыл дәрі қосып жегізеді. Қобыланды ашытқан бал ішеді.

Қазақ атқа дәрі байлап ашытып бал ішкен бе? Бұл бергідегі ақынның жырға қосқан бал ішкен жұрттан алған жұқбасы болар.

Ай басына мың сомнан,  
Жатып жеген бейбақтар.  
Білер мінген жалды атты,  
Қырық мың әскер салдатты,  
Түймеленіп кигендер,  
Түре келіп дегенде.  
Масақ құлақ мылтық қолында  
Қара сухар қойнында  
Алтыатары қолында  
Талай төре келеді  
Төсінде алтын медалі  
Ішеміз деп бал алып  
Шайнаймыз деп нан алып.

Солдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған.

Мұндай айтушының өзінен қосылған Қобыланды заманының салтына үйлеспейтін, қаңғыбас

қосымшалар «Қобыландыда» толып жатыр. Оның бәрін мұнда жазуға орын жоқ. «Қара қыпшақ Қобыландыны» қайта басқанда, жақсы қылып басам деген адам мына беттерді қарасын: 3-7, 34-36, 38, 40, 42, 46-48, 53, 55, 57-61, 66-68, 81, 73, 82 («Қазақ» газеті, №127, 1915 жыл Самар қаласы)», - деп Әлихан Бөкейхан өзінің зерттеу еңбектерінде жазып кеткен[4,104-109].

Зерттеуде ерекше мән берілген мәселе – жырдағы Қобыландының өмірде болған, болмағандығын, мұндағы айтылған жәйттардың, баян етілген оқиғалардың тарихи деректермен сәйкестігі және сәйкес еместігі.

Әлихан Бөкейхан «Қара қыпшақ Қобыланды» жыры бір оқиғаның көрінісі, бір белгілі адамның ғұмырбаяны емес, ақын қиялы екшеп, өзгеріп, көптеген қоспалармен жаңғырып жасаған көркем шығарма деген байлам жасайды.

Әлихан Бөкейхан «Қара қыпшақ Қобыланды» зерттеуінде жырдың негізгі сюжетін баяндады, туынды қай дәуірді бейнелейтінін қарастырып, жорамалдың бірнеше вариантын ұсынды, кейінгі жыршылар қосқан жасанды өзгерістерді көрсетіп берді, текстологиялық тәсілдерді қолданды, эпостың халық өмірін танудағы қызметін айқындайды, сілтеме беру, үзінді келтіру үлгісін көрсетті, кітап безендіру, бастыру мәдениетіне қатысты пікірлер айтты, қысқасы, бұл еңбек – қазақ сыны, әдебиеттануы, фольклортануының бастау көзіндегі ең алғашқы бағалы, ғылыми ізденістің бірі. Әлихан Бөкейханның фольклоршы ретіндегі ой-тұжырымдары «Қазақ жыры «Қобыландыдағы» әйел бейнесі» деген орысша жазылған еңбегінде жалғаса түседі[5,56].

Қазақ халқының ардагер перзенттерінің бірі Әлихан Бөкейханның «Туземец» деген жасырын атпен жазылған «Қобыланды» жырындағы әйелдер» деп аталатын мақаласы. Бұл – ұлттық әдебиет туралы ғылымның арғы бастауларынан бері келе жатқан ғылыми ізденістер жолында нақты бір көркем шығарманы ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыда тұтастай алып талданған алғашқы еңбек.

Бұл мақаланың ғылыми сипаттағы мазмұны мен көтерген проблемасы сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің деңгейін көрсететінін айта келіп ғылым С.Қасқабасов: «Мақалада қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілген. Бұлар: эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мерзімі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі», - деп жазады.

Ең бастысы – әйелдер образын бір-бірімен салыстырмалық тұрғыда талдауы. Аналық, Қарлығаш және Құртқа, Қарлыға-Құртқа бейнелерін бір-бірімен салыстыра қарастыруда, бұл образдарды жасаудағы шамандыққа негізделген мифтік дүниетаным мен ислам дініне сай жырды шығарушы көзқарасын ашуда, қазақ әйелінің қоғамдағы орнын анықтауда зерттеушілік мақсат ұстайды[6,42].

Ә.Бөкейханның бұл мақаласы ұлттық ғылыми-зерттеушілік таза ғылыми мәнге ие болу жолындағы ұмтылысының үлкен дәрежеде көрінісін дәлелдейді.

Бүгінгі таңда Әлихан Бөкейханның еңбектері түгел жиналып біткен жоқ. Олар Мәскеуде, Петербургте, Самарада, Омбыда, Семейде, басқа да қалаларда шыққан мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі архив қойнауларында жатыр. Бұларды тұтас жинап бастыру бір іс болса, Әлиханның тарих, этнография, экономика, саясат, әдебиет туралы еңбектерін түбегейлі зерттеу, диссертациялар, монографиялар жазу екінші бір іс екені хақ.

Ә.Бөкейханның халықтың ауыз әдебиеті мұраларын тұңғыш зерттеуші ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану жолында алғашқы болып қалам тартқан зерттеуші деп санауымыз керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987
3. Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы. – Алматы: Дәстүр, 2015
4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 9томдық толық жинағы, VI том. – Астана, 2013
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002
6. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Қарағанды, 2012